

**«6D050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияға**

**АҢДАТПА**

**КОГУТ ОКСАНА ЮРЬЕВНА**

**АДАМИ КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУДЫ ЕСЕПТІК-АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Диссертациялық зерттеу тақырыбы.** Дәстүрлі бухгалтерлік ғылым мен тәжірибе аясында адами капитал бухгалтерлік есеп объектісі ретінде қарастырылмайды, сондықтан бұл жалпыға бірдей танылған экономикалық санат бухгалтерлік есеп шоттары жүйесінде тіркеуге және есептілікте ашылуға жатпайды. Осы мәселені зерттеушілердің көпшілігінің пікірі бойынша, бұл ұйымның адами капиталы туралы ақпаратты басқарудың негізделген шешімдерін қабылдауға қажетті көлемде және түрде алуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан өндірістің осындай маңызды факторын басқару үшін сапалы ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін – адами капиталдың бухгалтерлік есеп негіздерін және есеп нәтижелерін есептілікке түрлендіру әдістерін әзірлеу қажеттілігі бар. Адами капиталды бухгалтерлік есепте көрсетуге қатысты теориялық және тәжірибелік әзірлемелердің жеткіліксіздігі зерттеудің таңдалған бағытының өзектілігін көрсетеді.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің мақсаты адами капиталдың бухгалтерлік есеп жүйесін қалыптастыру және ұйымда тиісті есептілікті әзірлеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі *міндеттерді* қою және шешу қажет:

- адами капиталдың мәнін ашу, құрамына жіктеу жүргізу және оны есепке алу қажеттілігін негіздеу;
- адами капиталды басқаруда есептік ақпараттардың рөлін белгілеу;
- әртүрлі экономикалық деңгейлерде адами капиталдың құнын бағалауды жүргізу;
- адами капиталды есеп объектісі ретінде негіздеу және есепке алудың әдістемелік аспектілерін қарастыру;
- есептілікте адами капитал туралы ақпараттарды көрсету жүйесін әзірлеу.

**Зерттеу әдістері:** экономикалық талдау, салыстыру және талдау әдістері, адами капитал мен адами активтерді бағалаудың тәсілдері, әдістері мен үлгілері пайдаланылды.

**Диссертацияның қорғауға шығарылатын ұсыныстары:**

- адами капиталдың экономикадағы рөлі мен оның есебін жүргізудің қажеттілігін ғылыми негіздеу анықталды, бұл ұйымның адами ресурстарын қалыптастыруға, пайдалануға және қалпына келтіруге қатысты операциялардың бухгалтерлік есебінің объектілерін нақтылауға мүмкіндік береді;

- ұйымда материалдық емес ресурстардың жасырын әлеуетін пайдалану үшін олардың өзара байланысының типтік үлгісін әзірлей отырып, тиісті синтетикалық және аналитикалық шоттарды пайдалануға мүмкіндіктер беретін бухгалтерлік шоттар мен адами капитал есебінің жазбалары әзірленді;

- адами капиталды басқару есебі мен компанияның қаржылық нәтижелері арасындағы байланысты көрсетуге мүмкіндік беретін ұйымның адами капиталының құнын бағалаудың авторлық әдістемесі әзірленді;

- адами капиталдың синтетикалық және аналитикалық есеп тетіктері арқылы адами капиталды есеп объектісі ретінде негіздейтін адами капитал есебінің әдіснамалық аспектілері (тозу, қайта бағалау және амортизация) қалыптастырылды;

- ұйым жұмысының болашақтағы бағыты туралы идеяны ашатын, тиісінше ашықтықты арттыруға ықпал ететін интеграцияланған есепте адами капитал туралы ақпаратты көрсету үлгісі әзірленді, бұл бәсекелестік экономика жағдайында елеулі құндылық болып табылады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** адами капиталдың бухгалтерлік есебін қалыптастыруға және оны ұйымның есептілігінде көрсетуге байланысты әдіснамалық және ғылыми-тәжірибелік сұрақтар кешенінің теориялық негіздемесі мен тәжірибелік шешімінде көрініс табады.

Жұмыс барысында келесідей негізгі ғылыми нәтижелер алынды:

- зерттеу негізінде адами капиталдың мәні талданды, адами капиталдың құрамына жіктеу жүргізілді, оны есепке алу қажеттілігі негізделді;

- адами капиталды бухгалтерлік есепке алуды қалыптастыру негіздерін жалпылау нәтижелері бойынша адами капиталды тиімді басқарудағы есептік ақпараттың маңызы мен рөлі негізделген;

- адами капиталды бағалаудың негізгі тәсілдерін бөліп көрсете отырып, макро және микро деңгейде адами капиталдың құны әзірленді және бағалау берілді;

- адами капиталдың есеп объектісі болып табылатындығын негіздей отырып, оны іске асыру әдістемесі әзірленді, өйткені қазіргі уақытта есептік ақпараттарды пайдаланушылардың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін адами капиталдың бухгалтерлік есебінің әдістемесі жоқ;

- есептілікте адами капитал туралы ақпаратты көрсету жүйесі әзірленді, өйткені интеграцияланған есептілік қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді интеграциялауға бағытталған.

**Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы** бұл адами капиталды қаржылық бағалау мен есепке алу және оны ұйымның есептілігінде көрсету мүмкіндігінен тұрады. Адами капитал қазіргі заманғы экономиканың қалыптасуының айқындаушы өндірістік және әлеуметтік факторы болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясына сәйкес біздің еліміз үшін: «әл-ауқат деңгейін арттыруды, өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуды, азаматтардың денсаулығын нығайтуды және олардың білім алуын қоса алғанда, адами әлеуетті дамыту» негізгі басымдық болып табылады. Бұл ҚР Тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында да «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты жетінші міндеттің

бөлігінде айтылған, шығармашылық технологияларды жасаушы болады, ал адами капитал деңгейі және оны пайдалану тиімділігі ұлттық экономиканың инновациялық даму стратегиясын анықтайды. Тұңғыш Президент Қорының «Қазақстан Республикасында адами капиталды дамыту» кешенді талдамалық зерттеуінде Қазақстандағы адами капиталға барынша әсер ететін топ айқындалды. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында төртінші бағыт «Адами капиталды дамыту» болып табылады. Бұл адами капиталды бүгінде материалдық емес нысанды қалыптастырады және зияткерлік жұмыста, сондай-ақ жасалған компьютерлік өнімдерде көрінеді.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясын іске асыруға, Тұңғыш Президент Қорының «Қазақстан Республикасында адами капиталды дамыту» зерттеуін, сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын дамытуға және енгізуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері «Есеп және аудит» мамандығының магистранттары үшін «Адами капиталды талдау» пәнін оқытуда пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері «Учет» аудиторлық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде апробацияланды, бұл 23.02.2021 ж. №21 диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актімен расталады; «Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті» мекемесінде 16.11.2021 ж. №06-06/0297 ғылыми нәтижелерді іске асыру туралы актімен расталады; 22.02.2021 ж. №15375 «Адами капиталға шығындарды есепке алу карточкасы» авторлық құқық объектісіне авторлық куәлік алынды.

**Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі.** Диссертацияның негізгі ережелері 11 электронды және баспа жұмыстарында баяндалған.

1. Czerewacz-Filipowicz K., Kogut O. Yu. Comprehensive methodology for assessing human capital and problems of its assessment // ҚазҰУ Хабаршысы. Экономикалық Серия - The Journal of Economic Research & Business Administration. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. - №1(127). - Б.286-298.

Бұл мақалада докторант адами капиталды бағалаудың тәсілдері, әдістері мен модельдерін, сондай-ақ адами капиталды бағалаудың кешенді әдіснамасын және оны бағалау мәселелерін қарастырды, ал бірлескен авторы шетелдік ғылыми кеңесшісі К. Черевач-Филиповичпен әдеби дереккөздердің мәліметтер базасына қол жеткізді және ағылшын тіліне аудармасын тексерді. Докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 90% құрайды.

2. Kogut O. Yu. Analysis of human capital cost assessment methods // Статистика, есеп және аудит. - Алматы: «Алматы экономика және статистика академиясы», 2019. - №4(75). - Б.13-19.

Мақаланы докторант өзі жазған. Докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 100% құрайды.

3. Kogut O. Yu. Some questions of methodical aspects of accounting human capital // Статистика, есеп және аудит. - Алматы: «Алматы экономика және статистика академиясы», 2020. - №2(77). - Б.7-11.

Мақаланы докторант дербес жазған, докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 100% құрайды.

4. Джаншанло Р.Е., Когут О.Ю. Интеграцияланған есептілікті қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері // *Central Asian Economic Review*. - Алматы: «Нархоз университеті АҚ», 2020. - № 1(130). - Б.111-123.

Бұл мақалада докторант басқару есебінде ұйымның адами капиталы туралы интеграцияланған есепті қолдану моделін ұсынды, ал бірлескен авторы отандық ғылыми кеңесшісі Р. Е. Джаншанло теориялық тұжырымдамалардың қисындылығын тексерді. Докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 85% құрайды.

5. Janshanlo R. Es., Kogut O. Yu., Czerewacz-Filipowicz K. Human capital management trends in innovative economy of Kazakhstan // *Polish Journal of Management Studies*. – Poland, Czestochowa: - 2019. - Volume 20. - No.2. – P.267-278.

Бұл мақалада докторант адами капиталдың құнын әр түрлі деңгейде бағалауды және оның есепте көрсетілуін қарастырды. Отандық ғылыми кеңесші Джаншанло Р. Е. докторант ұсынған адами капиталды басқару үрдістерінің дұрыс қолданылуын тексерді. Бірлескен авторы шетелдік ғылыми кеңесші К. Черевач-Филипович ағылшын тіліне аудармасын тексерді. Докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 80% құрайды.

6. Kogut O. Yu., Janshanlo R. Es., Czerewacz-Filipowicz K. Human capital accounting issues in the digital economy // *Международная конференция - Conference Scopus “Digital Transformation of the Economy: Challenges, Trends and New Opportunities” book series “Advances in Intelligent Systems and Computing”*, Russia, Samara: - 2019. – Volume 908. - P.296–305.

Бұл мақалада докторант цифрлық экономикадағы адами капиталдың бухгалтерлік есебін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздерін қарастырды. Отандық ғылыми кеңесші Р.Е. Джаншанло докторант қарастырған адами капиталды басқарудағы есептік ақпараттың рөлі туралы кеңес берді. Бірлескен автор шетелдік ғылыми кеңесші К. Черевач-Филипович әдеби дереккөздердің мәліметтер базасына қол жеткізді. Докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 85% құрайды.

7. Kogut O. The role of human capital as an object of accounting // «Мультиполярлы әлемдегі Қазақстан: экономикалық сценарийлер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019 ж. – Б.248-253.

Мақаланы докторант дербес жазды, докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 100% құрайды.

8. Kogut O. Human capital as an object of accounting in the knowledge economy // *Халықаралық конференция - SHS Web of Conferences «Eurasia: Sustainable Development, Security, Cooperation – 2019»*. - Russia, Samara: - 2019. – Volume 71. - P.1-5.

Мақаланы докторант дербес жазды, докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 100% құрайды.

9. Kogut O. Yu. Classification of human capital in terms of accounting // XIX «ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. - Алматы: «Алматы экономика және статистика академиясы», 2020. – Б.367-373.

Мақаланы докторант дербес жазды, докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 100% құрайды.

10. Когут О.Ю. Адами капитал есебі мен басқарудың ақпараттық базасы // Бухгалтерлік ақпаратты басқаруды қамтамасыз ету мәселелері: / Ұжымдық монография. - Ресей, Мәскеу: «ФГОБУВО «РФ Үкіметі жанындағы Қаржы университеті» және Қазақстан, Алматы: «Алматы экономика және статистика академиясы», 2019. – Б.108-119.

Мақаланы докторант дербес жазды, докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 100% құрайды.

11. Janshanlo R. E., Kogut O. Yu., Sultanova B. B., Jakisheva U. K., Arystambaeva A. Z. Human Capital Valuation in the Knowledge Economy of Kazakhstan // Journal of Contemporary Issues in Business and Government. - Australia, Melbourne: -2020. - Volume 26, No.1. - P. 217-234.

Бұл мақалада докторант ұйымның есеп жүйесіндегі адами капитал құнын бағалаудың әдіснамалық аспектілерін қарастырды, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі адами капитал құнын бағалауды орындады. Бірлескен авторлар Қазақстанның білім экономикасында адами капиталды бағалауды және ағылшын тіліне аударуды жүргізді. Докторанттың осы мақаланы дайындауға қосқан үлесі 80% құрайды.

Докторанттың диссертациясында және жарияланымдарында баяндалған барлық ғылыми нәтижелерді автор өз бетінше алды, қойылған міндеттерді отандық және шетелдік ғылыми консультанттар э.ғ.д., профессор Р. Е. Джаншанло және PhD, DSc, Қауымдастырылған профессор Катаржина Черевач-Филипович ғылыми кеңес беру және диссертациялық зерттеуге жетекшілік шеңберінде ұсынды.